

## Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 875 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы  
№ 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1552 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.07.03. N 634 қаулысымен .**

2 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен .**

3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1552 қаулысымен .**

4 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен .**

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат);

аталған қаулының 1-қосымшасына:

реттік нөмірі 6 жолдағы, 2 бағандағы "Қазақстан Республикасының Құрылыс,

тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі" деген сөз "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысының бақылау агенттігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7 жолдағы, 2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі" деген сөз "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14-жолдағы, 2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті" деген сөз "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-күжат);

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі";

бөлім, реттік нөмірі 30а мынадай жолдармен толықтырылсын:

"30 а Қазақжарылысөнеркәсібі Алматы қаласы";

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі";

бөлім, реттік нөмірі 368-ден 389-ды қоса 8-қосымшаға сәйкес мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

368 нөмірлі жол 390 нөмірлі жол болып есептелсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің қабылдаған актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

7. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 999 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 наурыздағы N 234 қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 8, 90-күжат);

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 ақпандағы N 175 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 23 мамырдағы

N 875 қаулысына

8-қосымша

N р / с	Кәсіпорындардың атауы	Мекен-жайы
368	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Ақмола мемлекеттік кәсіпорны	Ақмола қаласы
369	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Ақтөбе мемлекеттік кәсіпорны	Ақтөбе қаласы
370	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Алматы мемлекеттік кәсіпорны	Алматы қаласы
371	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Арқалық мемлекеттік кәсіпорны	Арқалық қаласы
372	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Атырау мемлекеттік кәсіпорны	Атырау қаласы
373	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Шығыс Қазақстан мемлекеттік кәсіпорны	Өскемен қаласы
374	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Жамбыл мемлекеттік кәсіпорны	Тараз қаласы

375	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Жезқазған мемлекеттік кәсіпорны	Жезқазған қаласы
376	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Батыс Қазақстан мемлекеттік кәсіпорны	Орал қаласы
377	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Қарағанды мемлекеттік кәсіпорны	Қарағанды қаласы
378	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Қызылорда мемлекеттік кәсіпорны	Қызылорда қаласы
379	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Көкшетау мемлекеттік кәсіпорны	Көкшетау қаласы
380	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Қостанай мемлекеттік кәсіпорны	Қостанай қаласы
381	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Маңғыстау мемлекеттік кәсіпорны	Ақтау қаласы
382	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Павлодар мемлекеттік кәсіпорны	Павлодар қаласы
		3 8 3
	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Солтүстік Қазақстан мемлекеттік кәсіпорны	Петропавл қаласы
384	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Семей мемлекеттік кәсіпорны	Семей қаласы
385	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Талдықорған мемлекеттік кәсіпорны	Талдықорған қаласы
386	"Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік кәсіпорны	Шымкент қаласы

387	Стандарттар мен стандарттық үлгілердің  мемлекеттік ақпараттық орталығы 	Алматы қаласы 
388	Алкогольді өнім өндірушілердің мемлекеттік  тексеру орталығы 	Алматы қаласы 
389	"КАЗСЕРТИКО" мемлекеттік ғылыми-практикалық  о р т а л ы ғ ы 	Алматы қаласы 